



**Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтінін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 7 сәуірдегі N 1547 Жарлығы . Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.10.11 № 162 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.10.11 № 162 Жарлығымен.**

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдары антының мәтіні бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 7 с ә у і р д е г і

№ 1 5 4 7 Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының анты**

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_ (тегі, а т ы , ә к е с і н і ң а т ы )

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесіне қ ы з м е т к е к і р е о т ы р ы п :

Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне адал болуға;  
Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-қимылымда заңдылық және әділдік қағидаттарын ұстануға;

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол бермеуге;

өзіме жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен әрі кәсіби шеберлікпен

атқаруға, Қазақстан Республикасы әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің абыройын қастерлеуге;  
мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтауға серт беріп, салтанатты түрде ант етемін.

Егер мен өзім қабылдаған антымды бұзсам, онда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болуға дайынмын.

20 жылғы \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_